

1930-60 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ Н.Д. ОҢДАСЫНОВ

Тайпақ Абай Абзалұлы a.taupak@mail.ru «Тарихшы-зерттеуші» мамандығының 1 курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, Ахметова У.Т. – т.ғ.д., профессор

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов – ХХ ғасырдың көрнекті мемлекет қайраткері, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан тұлға. 1938 жылы шілде айында Нұртас Оңдасынов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшелігіне өтіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында Қазақ КСР Үкіметінің төрағасы болып тағайындалады. Бұл қызметті ол 1951 жылдың қазан айына дейін атқарады. 1951-1953 жылдар аралығында Мәскеудегі Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанындағы Жоғары Партия мектебінің тыңдаушысы болады. 1954 жылғы наурыз айында Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып сайланады. Бұл қызметтен қалың бұқараға жақынырақ жерге сұранып, кейінгі жеті жыл өмірін Гурьевте өткізеді. Онда екі жыл Халық депутаттары Облыстық Кеңесінің төрағасы, бес жыл Қазақстан КП Облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерінде болып, зейнеткерлікке шығады. Осы қызметтерде болған кезінде оның ұйымдастырушылық қабілеті мен басшылық қызметтегі іскерлігі күрделі кезеңдерде ерекше байқалды. Соғыс жылдарында және одан кейінгі уақытта елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру сияқты маңызды істерге басшылық етті. Оңдасыновтың бастамасымен бірқатар стратегиялық маңызы бар құрылыс жұмыстары 322 жүргізіліп, жаңа өндіріс орындары ашылды. Оның ел болашағына деген көзқарасы, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстары мен іс-әрекеттері сол кезеңдегі орталықтандырылған жүйеге қарамастан табандылықпен жүзеге асырылды. Халық игілігіне бағытталған бұл қызметтер оның ел тарихындағы елеулі орнын айқындай түседі. Қайраткер республика үкіметін басқарған жылдар Қазақстан экономикасының өрлеу кезеңі. Қарымды жетекшілігі және тікелей қатысымен қара металлургия өнеркәсібі, мұнай мен көмір өндірістері қарқынды дамыды. Көптеген фабрика, зауыт, аграрлық ірі кешен іске қосылды. Қызылорда күрішті, Шымкент мақталы, Жамбыл мен Талдықорған қантқызылшалы, Алматы жеміс-жидекті, Семей малды, Атырау мұнайлы өлкеге айналды. Республиканың оңтүстігін арқаға, Ресейге тура қосатын Мойынты-Шу, сондай-ақ, Қандыағаш-Гурьев теміржол магистралдары тартылды. Экономикалық қуаты бойынша Ресей мен Украинадан кейінгі Одақта үшінші орынға шыққан Қазақстан шығыстағы мал шаруашылығы және астық базасы атанды. Бұл Н.Д. Оңдасыновтың тынымсыз еңбек жемісі[1, 107 б.]. Оның төрағалығы Кеңес Одағындағы үшінші бесжылдық жоспардың орындалуымен басталады. Бұл туралы ол өзінің «Қазақстан в период Великой Отечественной войны» естелігінде былай баяндайды: «1938 жылы кеңес халқы үшінші бесжылдық жоспарды іске асыруға кірісті. Бұл жоспарда елдің шығыс аймақтарын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Қазақстанның кең әрі алуан түрлі шикізат ресурстары республика еңбекшілеріне социалистік қоғам құру ісіне үлкен үлес қосуға мүмкіндік берді. Алайда бұл үшін ең алдымен қиын мәселелерді шұғыл шешіп, тығырыққа тірелген салаларды жою қажет болды. Ең бастысы, Республикада қуатты энергетикалық база құру керек еді. Осы мақсатта Қарағанды, Екібастұз және басқа да көмір кен орындарының негізінде ірі жылу электр станциялары, сондай-ақ Ертіс, Сырдария, Іле және басқа да өзендерде су электр станциялары салынды»[2, 2-3 л.]. Жалпы, Нұртас Оңдасыновтың басшылық қызметтегі табысы мен оның жұмыс өнімділігі ерекше маңызды. Оңдасынов елдің әртүрлі салаларында ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізді. Ол стратегиялық

жоспарлаудың шебері ретінде танылып, Қазақстанның экономикасын айтарлықтай дамытты. Бұл сөзге айғақ ретінде Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген экономист, профессор Ғарай Сағымбайдың Нұртас Оңдасыновтың Гурьевтегі қызметі туралы сөзін келтіруге болады. «Нұртас Дәндібайұлы облыста ауылшаруашылығын өркендету үшін айтарлықтай еңбек етті. 1951-1952 жылдың қысы қарлы және боранды болып, жем-шөбі аз, жылы қоралары жетіспейтін колхоздар түгелдей дерлік малдарынан айырылып қалды. Бір-екі бас малы бар колхоздар да болды. «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» деген мақал соларға арнап айтылғандай еді. Нұрекең мал басын тездетіп өсіруге, одан алынатын өнімді арттыруға қолынан келгеннің бәрін жасады. Мамандығым экономист болғандықтан, айтқан сөзімді нақтылы цифрлармен дәлелдеп отыратын әдетім бар. 1961 жылдың басында облыста 126 мың ірі қара, 1135 мың қой мен ешкі, 53 мың жылқы, 27 мың түйе, 2 мың шошқа болды. Басқаша айтқанда, Нұрекең басқарған уақытта мал басы 4 еседен артық өсті. Жылына 22 мың тонна ет өндіріліп, 100 мың қаракөл елтерісі мемлекетке тапсырылатын. Осыншама ет өндіріп, елтірі тапсыру үшін 700 мың ұсақ мал немесе 100 мың ірі қара және 100 мың қозы сою қажет еді. Осыдан кейін Атырау облысында мал басы қалай күрт өскенін көруге болады. Мұндай қыруар жұмысты іске асыру үшін Нұрекең тек талап қоюмен шектелмей, өзінің республика және одақ көлеміндегі беделін пайдаланып, көптеген қаржы-қаражат, техника, құрал-жабдықтар бөлінуін қамтамасыз етті.», - дейді Ғарай Сағымбай өз сөзінде [3, 235 б.]. Ауыл шаруашылығындағы жетістіктер тек бейбіт кезеңдегі экономикалық басқарумен шектелген жоқ. Өндірістік көрсеткіштердің тұрақтылығы, әсіресе, соғыс жылдарында сынға түсті. Қазақстан тек өз халқын емес, майданға қажетті азық-түлік пен шикізатты үздіксіз жеткізіп 323 отыруы керек еді. Бұл кезеңде шаруашылықты тиімді жүргізу ғана емес, стратегиялық шешімдер қабылдап, қысылтаяң сәтте тез әрекет ету қабілеті ерекше маңызға ие болды. Оңдасыновтың ұйымдастырушылық қабілеті соғыс кезінде айрықша жарқырып көрінеді. Әр күні кейінге қалдырмай, табан астындай шешуді талап ететін сан сұрақтың бәріне де ол сабырмен, айқай-ұйқайсыз жауап тауып отырады. Алғашқы алты ай ішінде ғана Қазақстанға батыстан ауыр машина жасау зауыттары бастаған түрлі 142 өнеркәсіп орны, 149 жетім балалар үйі мен 16 жарымжан балалар үйі көшіп келеді. 1941 жылдың 9 қарашасы күні Оңдасынов Мәскеуге эвакуацияланған 11 институтты қабылдауға дайын қалалардың атын көрсетіп, жеделхат жолдайды. Кейін сол оқу орындарының бәрі республика игілігіне жұмыс істеді [5] XX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстан КСРО құрамындағы аграрлық шикізаттық аймақтардың бірі болды. Инфрақұрылымның әлсіздігі, экономиканың біржақты дамуы және өнеркәсіптің жеткіліксіздігі елдің экономикалық мүмкіндіктерін шектеді. Дегенмен, бұл кезеңде бірқатар маңызды экономикалық шешімдер қабылданып, инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды. Н.Оңдасынов билікте болған жылдарында туған жерінде инфрақұрылым қалыптастырып, экономикасын күшейту ойында болғаны анық. Сол жолда жасалған қадамдардың бірі, Мойынты-Шу темір жолының салынуын өзі мақтан етіп айтады. Ол темір жол салынбастан бұрын Қазақстанның орталығынан оңтүстігіне бару үшін Ресей асып, бірнеше күн жол жүріп барып жетуге болатын. Бір қарағанда бұл темір жолды салу логикалық тұрғыдан да, экономика жағынан да дұрыс стратегиялық шешім болғанымен, оған орталықтың рұқсатын алу қиын шаруа болды. Ол осы рұқсатты алу жолын былай еске алды: « – Мойынты-Шу жолының құрылысы жөнінде әуелде Мәскеуге хат жазып ек, «Мұның жергілікті ғана маңызы бар» деген қысқа жауап алдық, — деді ол. – Енді оның соңына түсу керек болды. Жолдың картасын түсіртіп алып, Қазақстан үкіметі атынан Жол қатынастары министрінің атына хат жазып, Мәскеуге бардым. Министр мені қабылдады да, бірден «Мемлекеттік жоспар бекіп кетті. Менде басы артық ақша да, техника да жоқ» деп жылай бастады. Мен одан ақша да, техника да сұрамайтынымды айтып, қағазға

қол қойып беруді сұрадым. Ол «Госплан көнбейді ғой» дейді. Мен тағы да «Мынаған қол қойып бер, госпланды өзім көндірем» деймін. Ақыры қол қойғызып алдым. Одан соң білетін адамдармен ақылдасып едім. Олар «Жоспарға Сталин қол қойған жоқ. Ол Берияның қолында. Сонымен сөйлесу керек» деді. Мен Берияға телефон соқтым. Ол «Ертең сағат 6-да кел деді. Бірақ ертеңіне де, оның ертеңіне де қабылдаған жоқ. Үш күн тостым да, өзіне тағы телефон соқтым. — Мұнда қанша боласың? — деді ол бірден. — Ұзақ жүретін уақытым жоқ. Самолет күтіп тұр. Барлық мәселе шешілді. Бір-ақ мәселе қалып тұр. — Ол қандай мәселе? Сол-ақ екен, мен Мойынты-Шу жолын салудың қажеттігін, оның Оңтүстік пен Солтүстік Қазақстанды жалғайтынын, жол болса қатынас ұлғайып, экономикаға зор ықпал ететінін айта бастадым. Мені үнсіз тыңдаған Берия сөзімнің аяғын тыңдамай, — Бәрін де түсіндім. Барлық документтерді менің көмекшіме жеткізінде. Мойынты-Шу қалтамда деп есепте. Үйіңе қайта бер, — демесі бар ма? — Мен Орталық Комитет пен үкіметке Мойынты-Шу жолы бесжылдық жоспарға кірді деп айта алам ба? — Айта бер. Рахметімді жаудырып, елге қайттым. Он төрт күннен кейін бекіген жоспар келді. 10 миллион сом бөлініпті. Әрине, ол ақша жетпейтін еді. Біз құрылысты «халықтық» деп жариялап, 324 ішкі мүмкіндіктерімізді пайдаландық. Ал, құрылыстың ішкі қиындықтары да аз емес еді. Құрылысқа қажет су табу да оңай болған жоқ. Көптің көмегімен оны да шештік.» [4, 230-231 б.] Мойынты-Шу темір жолының салынуы – сол кездегі көлік-логистикалық дамудың маңызды кезеңдерінің бірі болды. Ол Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігін тікелей байланыстырып, жүк тасымалы мен адамдардың қатынасын жеңілдетті. Бұған дейін оңтүстік аймақтарға бару үшін Ресей аумағы арқылы айналып өту қажет болатын. Жол қатынасының жақсаруы экономикалық байланыстарды кеңейтті, өндіріс орындарына қажетті ресурстарды тасымалдауды жеңілдетті. Н.Оңдасыновтың бағындырған белестерінің бірі – Арыс-Түркістан каналы. Осы өңірлерде балалық шағы өткен соң, бұл жердің жағдайын жақсы білетін. Осындай каналдың керек екенін түсініп, Үкімет пен партия алдына мәселе етіп қойғанда, ол қолдау тауып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Шарап Ниязовты Үкімет атынан дайындалған хатпен Сталинге кіргізбек болады. Н.Оңдасынов ол оқиғаны былай еске алды: «Сонымен, Мәскеуге келдік. Біз Сталинге Шарапты кіргіздік те өзіміз, Шаяхметов екеуміз қабылдау бөлмесінде күтіп қалдық. Әрине тағатсыздана, «не болар екен?» - деп отырмыз. Әлден уақытта Шарап: «Вода будет!» - деп Сталин кабинетінен айқайлай шықты. Жапырлап үшеуміз бір-бірімізді құттықтап жатырмыз.» [3, 70 б.]. Арыс-Түркістан каналының салынуы ауыл шаруашылығы үшін маңызды шешімдердің бірі болды. Қазақстанның оңтүстік өңірлері суармалы егіншілікке тәуелді болғандықтан, су ресурстарының жетіспеушілігі егіншіліктің дамуын тежеп отырды. Жаңа каналдың салынуы бұл аймақтағы егістік жерлердің көлемін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімділігін өсірді. Бұл, өз кезегінде, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және экономиканың аграрлық секторын нығайтуға жағдай жасады. Бұл жобалар елдің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған саясаттың бір бөлігі болды. Индустрияландыру және инфрақұрылымдық даму КСРО-ның барлық республикаларында жүргізілді. Қазақстан да осы экономикалық өзгерістерден тыс қалған жоқ. Темір жолдар, ирригациялық жүйелер, өнеркәсіптік кәсіпорындар – барлығы да жоспарлы экономика талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Инфрақұрылымдық жобалар Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал еткенімен, Кеңес Одағының жоспарлы экономика жүйесінде республиканың өз ресурстарын дербес игеру мәселесі әрдайым орталықтың шешіміне тәуелді болды. Экономикалық саясат Мәскеуде белгіленіп, аймақтардың қажеттілігі мен даму перспективалары жергілікті емес, одақтық деңгейде қарастырылатын. Бұл жағдай әсіресе табиғи байлықтарды игеру мәселесінде анық байқалды. 1962 жылы ақпанда Н.Хрущев Алматыға келген сапарында Н.Оңдасынов ұсыныстары қаралады. Ол ұсыныстар

Маңғыстаудағы табиғи байлыққа байланысты екен. Кеңес Одағы нарықтық емес жоспарлы экономика болғандықтан, тауарлардың мөлшері, өндірісі нарықпен емес, жабық есіктердің арғы жақтарында санаулы адамдардың талқысымен шешілетін болатын. Оңдасынов сол кезде ұсыныстарын былай баян етеді: «Маңғыстау табиғи ресурстарға, әсіресе, мұнайға бай, оны барлау мен игеруді қатар жүргізуіміз керек», - дейді. Хрущев: «Бізге Сібірдің мұнайы да жетеді Маңғыстауға күніміз қарап тұрған ештеңе жоқ», - дейді. Оңдасынов: «Маңғыстаудың өн бойы тұнып тұрған құрылыс материалы. Ұлу тастарды елімізде енді қанат жая бастаған құрылыс ісіне кеңінен пайдалану керек», - дейді. Хрущев: «Осы заманғы құрылыс индустриясының наны – сенің қайдағы бір табиғи тастарың емес, темір бетон. Неткен кертартпа надан адамсың?!» - деп зіркілдеп ала жөнеледі. Оңдасынов талайдан бері құпия әзірлеп жасап, талай Одақтық министрліктердің әдейілеп барып, аузын алып тақойған, соңғы ұсынысын – Маңғыстауға Мақаттан теміржол тарту керектігін айтады. Хрущев оны тыңдағысы да келмей, орнынан тұрып кетеді. Бұны көріп Оңдасынов та 325 қатқыл әңгімеге көшеді. «Бұл ұсыныстарым өтпейтін болса, облыстың жағдайы осы мүшкіл күйінде қалады. Оны көріп, басшы болып отыра алмаймын», - деп жұрт алдында қызметтен бас тартады» [3, 14-15 б.]. Бұл оқиға Кеңес Одағындағы экономикалық шешімдердің қалай қабылданатынын көрсететін мысалдардың бірі. Жергілікті бастамалар мен аймақтық дамуға қатысты ұсыныстар көбіне орталықтың ұзақ мерзімді жоспарларымен сәйкес келе бермейтін. Қазақстандағы табиғи ресурстарды игеру мәселесі де ұзақ уақыт бойы сыртқы факторларға тәуелді болып келді. Бүгінгі кездері Оңдасыновтың айтып өткен ресурстары нарықтық экономикаға негізделген тәуелсіз Қазақстанның экономикасының ең маңызды бөлігі. Мұнай мен газды айтпағанда қарапайым ұлу тастардың өзі тиімділігіне байланысты құрылыста кеңінен қолданылады. Маңғыстау өңірінің тұрғындары тіптен өзінің аулаларын осы ұлу тастармен қоршайды. Бұл — Оңдасынов секілді көреген тұлғалардың өз уақытында айтқан ұсыныстарының өміршеңдігін дәлелдейді. Оңдасыновтың ұсыныстары сол кездегі саяси жүйе жағдайында қолдау таппаса да, тәуелсіз Қазақстанда оның идеялары жүзеге асып, ел игілігіне айналды. Қорытылдылай келе, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов – жай ғана мемлекет қайраткері емес, бір дәуірдің ауыр жүгін арқалаған, елдің тағдырын шешетін тұста батыл қадам жасап, болашақ үшін еңбек еткен шын мәніндегі реформатор тұлға. Оңдасыновтың мемлекет басқару қабілеті, ең алдымен, соғыс алдындағы және соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңдерде айқын көрінді. Ел аш-жалаңаш, инфрақұрылым әлсіз, өндіріс тұралап тұрған уақытта, ол бірінші кезекте халықтың ең басты қажеттіліктерін шешуге кірісті – азық-түлік, жылу, жол, жарық, су. Осы маңызды салаларды жүйелі түрде дамыту арқылы ол елдің экономикасын біртіндеп көтере бастады. Мойынты-Шу темір жолының тарихы – бұған айқын дәлел. Мәскеудің қырын қарауына қарамастан, ол өзінің табандылығының арқасында бұл стратегиялық жобаны іске асырып, елдің ішкі қатынасын жақсартты. Нұрекеннің тағы бір қыры – әлеуметтік әділеттілік пен қарапайым халыққа деген шынайы жанашырлық. Ол билік басында отырып, алыстағы ауылдарға, шеткері аймақтарға көңіл бөліп, елдің әр түкпіріне қолдау көрсетті. Оның кезінде жетім балалар үйлері, емдеу мекемелері, мектептер, жаңа қоныстар көптеп ашылды. Эвакуация кезінде Қазақстанға көшірілген өнеркәсіп пен балалар үйінің жайлы орналасуын өзі жеке қадағалаған. Оңдасыновтың іскерлігі ең алдымен ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп пен энергетика салаларында ерекше байқалды. Қарағанды мен Екібастұздағы көмір станциялары, Ертіс пен Сырдариядағы СЭС-тер, Арыс-Түркістан каналы, Қаракөл елтірісі өндірісі – бәрі оның бастамасымен жүзеге асқан. Ол кезде Қазақстан КСРО-ның шикізат көзі саналатын, кез келген бастама Мәскеудің мақұлдауынсыз іске аспайтын. Бірақ Нұртас Оңдасынов соған қарамастан, өз идеясын қорғап, нақты нәтижеге қол жеткізетін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: 1. Нұртас Оңдасынов: Монография. // Еңсенов Қ.А. – Шымкент: «АЗИАТ» баспа үйі, 2017. – 408 б. 2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Қ.2330,т.1, іс26 3. Нұртас Оңдасынов. Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. (Бесінші рет басылуы). //Құраст. Гүлсім Оразалықызы – Алматы: ҚР «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2024. – 456 б. 4. Өмір тағылымдары. Естеліктер. // Қирабаев С. – Алматы: «Білім», 2006. – 480 б. 5. Ақжігіт Ө. Халық басшысының қалтқысыз үлгісі // Жалын. –2004 жыл. – № 12. – 88-91 б.